

"Сайлау учаскелерін құру туралы" Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 13 қарашадағы №24 шешімінің күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімінің 2017 жылғы 14 сәуірдегі N 05 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 сәуірде N 5809 тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы және " Құқықтық актілер туралы" 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңдарына сәйкес Жаңақорған ауданының әкімі **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "Сайлау учаскелерін құру туралы" Жаңақорған ауданы әкімінің 2015 жылғы 13 қарашадағы № 24 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5221 болып тіркелген, 2015 жылы 21 қарашада "Жаңақорған тынысы" газетінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылау жетекшілік ететін Жаңақорған ауданы әкімінің орынбасарына жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Жаңақорған ауданының әкімі

Ғ. Әміреев

КЕЛІСІЛДІ

Жаңақорған аудандық

сайлау комиссиясының төрағасы

А. Тулегенов

"14" сәуір 2017 жыл